



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

Қарабалық кенті Космонавтов көшесі 4А.
Тел 8-714-41-3-34-44, krb_korrek@mail.kz

п. Қарабалық, ул Космонавтов 4А.
Тел 8-714-41-3-34-44, krb_korrek@mail.kz

«09» сәуір 2025 год

№ 40

**Қарабалық ауданының психолого-педагогикалық
коррекция кабинеті Қостанай облысы білім
басқармасының әкімі аппараты сыбайлас
жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау
жүргізу туралы**

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8-бабының 5-тармағына, 2016 жылғы 19 қазандағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы бекіткен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі типтік ережелердің 2-тармағына, 2022 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы (Антикоррупциялық қызметі) бекіткен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік нұсқаулықтардың 5-тармағына және Қостанай облысы әкімдігі Білім басқармасының 27.03.2025 жылғы № 10-05/1535 хатындағы тапсырмасын негізге ала отырып:

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қостанай облысы әкімдігі Білім басқармасының Қарабалық ауданының психолого-педагогикалық коррекция кабинеті сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кестесін қосымша 1-ге сәйкес бекіту.
2. Фогель Юлия Николаевнаға Қарабалық ауданының психолого-педагогикалық коррекция кабинеті сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді 2025 жылдың 10 мамырынан 2025 жылдың 10 маусымына дейін қамтамасыз ету.
3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау мына бағыттар бойынша жүргізілуі тиіс:
 - 1) Қызметке қатысты нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

- 2) Қызметтің ұйымдастыру-басқару әрекеттеріндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау: кадрлық басқару, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшырауы мүмкін лауазымдарды анықтау; мүдделер қақтығысын реттеу; мемлекеттік қызмет көрсету; бюджет және қаржы қаражаттарын игеру және бөлу; ұйымдастыру-басқару әрекеттерінен туындайтын басқа да мәселелер.
4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың кезеңі ретінде 2024 жылдың екінші жартыжылдығы мен 2025 жылдың бірінші жартыжылдығын анықтау.
5. Қарабалық ауданының психолого-педагогикалық коррекция кабинеті сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін жұмыс тобын құру: әдіскер Каримова Гүлбагелі Хасановна, дефектолог мұғалім Кажаева Екатерина Евгеньевна.
6. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің мерзімі ретінде 2025 жылдың 10 мамырынан 2025 жылдың 10 маусымына дейінгі аралықты белгілеу.
7. Жұмыс тобының төрағасы ретінде логопед Танатарова П.С. тағайындалсын.
8. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жұмыстары сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау бойынша жоспарға сәйкес жүзеге асырылуы тиіс (қосымша 1).
9. Жұмыс тобы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізген соң 2025 жылдың 10 маусымына дейін анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен оларды жоюға қатысты ұсыныстар туралы аналитикалық анықтама дайындап ұсынсын.
10. Осы бұйрықтың орындалуын өз бақылауыма аламын.
11. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Меңгеруші

Ю.Фогель

Бұйрықпен танысты

П. Танатарова

Е. Кажаева

Г. Каримова